

<p>Сапа менеджменті жүйесі Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібін ұйымдастыру стандарты</p>	 <p><b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 1 беті І нұсқа</p>		

«Бекітілді»  
Басқарма Төрағасының  
02.03.2022ж. № 88-Н  
бұйрығымен

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ  
ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

---

**ПӘННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІНІҢ  
ҚҰРЫЛЫМЫ, МАЗМҰНЫ, ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ**

---

СМЖ ҰС 02.2074-2022

\_\_\_\_\_ дана

\_\_\_\_\_ көшірме

**НҮР-СҰЛТАН 2022**

## **Алғы сөз**

**1 Корпоративтік даму және стратегия департаментімен жұмыс тобы бірлесіп ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ**

### **2 Басқарма Төрағасының**

(құжатты бекітетін лауазымды тұлға)

**02.03.2022 ж. № 88-Н. бұйрығымен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА**

(бекітуші ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі)

**ЕНГІЗІЛДІ**

### **3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР**

- АМД директоры – Сарбасова К.А.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

- АМД бас менеджері – Жусупова Г.К.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

- Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі менеджер – Тұрсынғалиев М.А.

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, Т.А.Ә.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ**

2027 ж.

**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

5 жыл

Осы Нұсқаулық С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды

## Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативті сілтемелер	4
3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	5
4 Белгілер мен қысқартулар	6
5 Жауапкершілік және өкілеттік	7
6 Жалпы ережелер	7
7 Пәннің ЭОӘК құрылымы, мазмұны	8
8 ПЭОӘК әзірлеу, бақылау және бекіту тәртібі	11
9 Құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	13
10 Өзгерістер енгізу тәртібі	14
11 Сақтау және тарату	14
А Қосымшасы ПЭОӘК титулдық парағын ресімдеу формасы	15
Б Қосымшасы Пәннің жұмыс бағдарламасының формасы	17
В Қосымшасы Пән бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасының формасы	24
Г Қосымшасы ПЭОӘК-тегі өзгерістерді тіркеу парағының формасы	25
Д Қосымшасы Келісу парағы	26
Е Қосымшасы Танысу парағы	27
Ж Қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	28

## 1 Қолдану саласы

Осы стандарт пәндер бойынша электронды оқу-әдістемелік кешеннің (бұдан әрі-ПЭОӘК) құрылымына, құрамына, әзірлеу тәртібіне, сапасын бақылауды ұйымдастыру мен бекітуге және кредиттік оқыту жүйесі кезінде мамандарды даярлау бағыттарына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы стандарттың талаптары кредиттік жүйе бойынша оқу процесіне қатысатын «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ (бұдан әрі «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ) барлық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы стандарт негізінде университеттің оқу процесіне қашықтан білім беру технологияларын енгізу үшін электронды оқу-әдістемелік кешен әзірленеді.

Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешені туралы стандартты қайта қарау: нормативтік актілер өзгерген, осы Стандарттың міндеттері мен функциялары өзгерген, университеттің құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара байланыс тәртібі өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

## 2 Нормативті сілтемелер

Осы стандартта келесі стандарттарға сілтемелер қолданылады:

1. Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III «Білім туралы» Заңы (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» бұйрығы (2018 жылғы 12 қазандағы №563 өзгерістермен және толықтырулармен);

4. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 өзгерістерімен және толықтыруларымен);

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. «Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2021.11.03 № 547 өзгерістермен);

6. С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ-де қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже. ҚБТОПҰЕ СМЖ 02.2024-2019.

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті І нұсқа		

7. СМЖ ҰС 02.2003 -2021 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-да оқу-әдістемелік әдебиетті дайындау, сараптау және басып шығару туралы ұйым стандарты

8. СМЖ ҰС 01.1014-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Бөлімше туралы ережені әзірлеу, келісу және бекіту ережесі.

9. СМЖ ҚР 01.1006-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжаттамалық рәсім. Құжаттаманы басқару.

10. СМЖ ҚР 01.1007-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжаттамалық рәсім. Сапа бойынша жазбаларды басқару.

### 3. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Осы Стандартта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

- оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі ОӘК) – әдістемелік нұсқауларды/ұсынымдарды, хрестоматияны, тапсырмалар мен жаттығулар жинағын, картографиялық атласты, оның ішінде электрондық тасымалдағыштағы нақты білім беру бағдарламасы бойынша білім беру процесінде пайдалануға арналған оқулықты сүйемелдейтін және білім алушылардың оқу пәндерінің (пәндерінің) мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

- пәннің электронды оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі ПЭОӘК) – бұл пән (модуль) бойынша электрондық түрде ұсынылған және осы пәннің (модульдің) толық көлемде оқытылуын қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік материалдар кешені (жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus/Силлабус), дәрістер, практикумдар материалдары, әдістемелік нұсқаулар, әдістемелік құралдар, тапсырмалар, білімді бақылау құралдары, анықтамалықтар және т.б.);

- жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus / Силлабус) – оқытылып жатқан пәндер және білім алушылардың білімін бағалау критерийлері туралы толық ақпарат беретін, бекітілген форма бойынша ағымдағы оқу жылына жетекші оқытушы әзірлейтін оқу бағдарламасы;

- білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі БӨЖ) – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; білім алушылардың санатына қарай – ол білім алушының өзіндік жұмысы, магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі-ДӨЖ) болып бөлінеді); БӨЖ-ның барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады;

- білім алушының оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысы (бұдан әрі БОӨЖ) - білім алушының ЖОО немесе оқытушының өзі анықтайтын белгілі бір кесте бойынша жүргізілетін оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол: білім алушының оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысы, магистранттың оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысы (бұдан әрі МОӨЖ) болып бөлінеді және докторанттың оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысы (бұдан әрі ДОӨЖ);

- үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі ҮОБ) – Білім беру туралы Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетін анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентінің оқу құжаты;

- білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - ББ) – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

- оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогі негізінде бүкіл оқу кезеңіне кафедра меңгерушілері және/немесе ББ әзірлеушілері әзірлейтін оқу құжаты.

#### **4 Белгілер мен қысқартулар**

«С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ» КеАҚ – «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

ПЭОӘК - пәннің электронды оқу-әдістемелік кешені;

ОӘК - оқу-әдістемелік кешен;

ҚБТ - қашықтан білім беру технологиялары;

ҰС - ұйым стандарты;

СБӨ - сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

КДСД - корпоративтік даму және стратегия департаменті;

СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

ББ - білім беру бағдарламасы;

ҮОЖ - үлгілік оқу бағдарламасы;

АМД - академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

БӨЖ - білім алушының өзіндік жұмысы;

БОӨЖ - білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы;

ААЖ - автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

АС - академиялық сапа.

#### **5 Жауапкершілік және өкілеттік**

5.1 СМЖ ҰС әзірлеу, оны келісу, бекіту, тіркеу, қолданысқа енгізу үшін жауапкершілік пен өкілеттік келесідей бөлінеді:

<p>Сапа менеджменті жүйесі          Ұйым стандарты          Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің          құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі</p>	 <p><b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ          АГРОТЕХНИКАЛЫҚ          УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа</p>		

– ұйым стандартын (бұдан әрі ҰС) әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұны, құрылымы үшін академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры (бұдан әрі АМД), ресімдеу, бекіту және енгізу үшін академиялық мәселелер жөніндегі департамент (бұдан әрі АМД) жауапты болады.

– СМЖ ҰС сапа жөніндегі басшылықтың өкілімен (бұдан әрі СБӨ), академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен (бұдан әрі АМД), құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директорымен келісіледі және «Келісу парағында» (Д Қосымшасы) ресімделеді.

5.2 Бекітілген СМЖ ҰС-ын бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізгені үшін бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (Е Қосымшасы) ресімделеді.

## **6 Жалпы ережелер**

6.1 Электронды оқу-әдістемелік кешен өзара байланысты контентті қамтитын және білім алушылардың оқу пәндерін, курстарды, пәндерді және олардың компоненттерін тиімді зерделеуі мақсатында бірлесіп қолдануға арналған электронды оқу-әдістемелік құжаттаманың, электронды (цифрлы) білім беру ресурстарының, оқыту және білімді бақылау құралдарының құрылымдалған жиынтығын білдіреді.

6.2 Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін ҚБТ-ны пайдалана отырып іске асырылатын кафедраның бекітілген білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі-ББ) барлық пәндері бойынша ЭОӘК құрылады.

6.3 ПЭОӘК кафедраның жетекші оқытушысы/оқытушылар ұжымымен әзірленеді және оқу курсы бойынша даярлықты қамтамасыз етеді. ПЭОӘК-ін әзірлеу профессорлы-оқытушылық құрамның оқу-әдістемелік жұмысының негізгі түрлерінің бірі болып табылады.

6.4 ПЭОӘК -ке әзірлеу және бекіту кезеңінің барлық қатысушылары қол қояды. Қол қойылған титул парағы сканерленеді және А Қосымшасына сәйкес ресімделеді.

6.5 ПЭОӘК «Платонус» ААЖ-ға жүктеледі. ПЭОӘК компоненттері (оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулар/әзірлемелер және т.б.) Институционалдық Репозиторийге орналастыру үшін университеттің ғылыми кітапханасына тапсырылады.

6.6 ПЭОӘК қажеттілігіне қарай жаңартылады. ПЭОӘК әзірлеуге кафедра меңгерушісі жауапты болып табылады, оқу-әдістемелік материалдың мазмұндық бөлігіне және ПЭОӘК контентін университеттің «Платонус» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі ААЖ) уақтылы орналастыруға оқытушы-әзірлеуші жауап береді.

## **7 Пәннің ЭОӘК құрылымы, мазмұны**

ПЭОӘК құрылымы мен құрамы оқу процесін ұйымдастыруға, инновациялық технологияларды енгізуге қойылатын жаңа талаптарға байланысты өзгеруі мүмкін.

7.1 Пәннің ЭОӘК міндетті және қосымша компоненттерден тұрады.

7.1.1 Міндетті компонентке мыналар кіреді:

1. Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус/Syllabus).

2. Дәріс кешені (дәріс тезистері).

3. Практикалық, семинар және зертханалық сабақтардың материалдары.

4. Білім алушылардың өзіндік жұмысына (бұдан әрі-БӨЖ) және білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысына (бұдан әрі-БӨӨЖ) арналған тапсырмалар (әдістемелік нұсқаулар, рефераттарды, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау жөніндегі ұсынымдар, әрбір тақырып бойынша өзін-өзі бақылауға арналған материалдар және басқа да материалдар).

5. Ағымдағы және қорытынды бақылауды ұйымдастыру бойынша материалдар (бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, жеке тапсырмалар, тестілік емтихан тапсырмалары, емтихан бақылау жұмыстары, емтихан сұрақтары).

6. Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы.

7. ПЭОӘК -гі өзгерістерді тіркеу парағы (қажет болған жағдайда).

7.1.2 ПЭОӘК-тің қосымша компонентіне пәннің оқу материалын игеруге көмектесетін бейнедәрістер (бейнедәріске қойылатын талаптар СМЖ БОПҚЕ 02.2071-2021 сәйкес), электрондық ресурстар, оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық сүйемелдеу (пәннің мазмұнына байланысты), оқулықтар мен оқу құралдары, электрондық электрондық басылымдар, автоматтандырылған тренажерлер, репетиторлар, анықтамалық-әдістемелік материалдар кіреді.

7.2 ПЭОӘК – бұл оқу процесінің үздіксіздігі мен толықтығын қамтамасыз ететін компьютерлік ақпараттық технологиялардың көмегімен ПОӘК мазмұнын толтыру.

Егер пән әртүрлі ББ-да оқылса және пәндердің бір цикліне (ЖБП, БП, БП) кірсе, онда бірыңғай ПЭОӘК дайындауға жол беріледі. Сағат көлеміндегі айырмашылық Силлабустың титулдық бетінде көрсетіледі (Б Қосымшасы).

ЖБП циклінің оқу пәндерінің мазмұны Үлгілік оқу бағдарламаларымен, басқа пәндер – жұмыс оқу бағдарламаларымен (Силлабустармен) айқындалады.

Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті пәндерінің мазмұны кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орны және элективті пәндер каталогімен (бұдан әрі - ЖООЖЭПК) айқындалады.

7.3 Пән бойынша Силлабус білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкес жетекші оқытушылармен әзірленеді, осы пән оқытылатын кафедра отырысында талқыланады, Академиялық сапа бойынша факультет кеңесі қарайды



<p>Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі</p>	 <p><b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа</p>		

және факультет деканы бекітеді. Силлабустың қол қойылған титул парағы сканерленіп, Б Қосымшасына сәйкес ресімделеді.

Егер пән бірнеше тілде (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде) оқытылса, онда силлабустардың мазмұны бірдей болуы тиіс.

7.3.1 Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасында оқытылатын пәндерді оқытудағы жаңа тәсілдерге және өзгерістерге сәйкес силлабус бағдарламасын жыл сайын түрлендіру ұсынылады.

Жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) құрастыру кезінде оқытудың үздіксіздігі мен сабақтастығын, жекелеген тақырыптарды зерделеуде қосарлануды болдырмай, оқытудағы қазіргі заманғы технологияларды ескере отырып, ББ пәндері арасындағы логикалық байланысты қамтамасыз ету қажет.

Оқу пәнін модульдік құру кезінде оның бағдарламасы білім алушылардың қажетті білім, білік, дағды және құзыреттер алуына бағытталған модулдерге (кіші модулдерге, бөлімдерге) құрылымдалады. Жұмыс бағдарламалары (Силлабустар) оқытудың барлық формалары үшін бірыңғай модульдік қағидат бойынша әзірленеді.

7.3.2 Жұмыс бағдарламасының (Силлабустың) құрылымы:

- оқытушы туралы мәліметтер;
- курстың қысқаша сипаттамасы (оқу пәнінің мақсаты, іс-әрекет етістігі түріндегі және Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту (құзыреттілік) нәтижелері, пререквизиттер мен постреквизиттер);
- пәннің мазмұны: пәннің әрбір модулінің сипаттамалары (модульдік бірліктердің тізбесі, яғни олардың қысқаша мазмұны бар тақырыптар, практикалық, семинарлық және зертханалық сабақтардың жоспарлары, БӨЖ, БОӨЖ тақырыптары мен тапсырмалары, тапсырмаларды тапсыру мерзімі);
- оқытудың негізгі формалары мен әдістері;
- әдебиеттер тізімі (негізгі және қосымша);
- курс саясаты, оқытушының талаптары;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі (білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері, білімді бағалау бойынша ақпарат, баға қою саясаты).

7.3.3 Пәннің ЭОӘК-ің міндетті элементі дәріс болып табылады. Дәрістер мәтіндік нұсқада (дәріс тезистері) ұсынылады, сондай-ақ оқытушы бейне дәрістерге және (немесе) презентацияларға сілтемені бекітіп ұсынады, онда білім алушылар материалды өз бетінше игере алады

Мәтіндік нұсқадағы дәріс құрылымға сәйкес тезис форматында ресімделеді:

- тақырып атауы;
- дәріс мазмұны;
- мазмұнын суреттейтін негізгі схемалар, формулалар және т.б. (егер көзделген болса);

- өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар;
- ұсынылатын әдебиеттер.

7.3.4 Пән бойынша зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулар силлабусқа сәйкес орындалуы қажет және келесі құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

- тақырып атауы;
- жабдық, техникалық және аспаптық құралдар (егер көзделген болса);
- жұмыстың мазмұны (жұмысты орындау тәртібі, техникалық қауіпсіздік ережесі (пәннің ерекшелігін ескере отырып, қажет болған жағдайда), білім алушының есеп беру ережесі (қажет болған жағдайда), бақылау сұрақтары, тапсырмалар (қажет болған жағдайда);

- ұсынылатын әдебиеттер.

7.3.5 Пән бойынша практикалық және семинарлық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар силлабусқа сәйкес орындалуы тиіс және келесі құрылымдық элементтерді біріктіруі тиіс:

- тақырып атауы;
- сабақтың мазмұны
- бақылау сұрақтары;
- ұсынылатын әдебиеттер.

7.3.6 Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған материалдар білім алушылардың өз бетінше қарауына ұсынылатын сұрақтарды қамтиды. БӨЖ сұрақтары оқытылатын курстың мазмұнын толықтырып, тереңдетуі тиіс. БӨЖ тапсырмалары бақылау жүргізудің формалары мен мерзімін көрсете отырып, білім алушылардың өздігінен игеруі үшін шығарылатын тақырыптардың негізгі сұрақтарын қамтуы тиіс.

Пән бойынша БӨЖ-на арналған тапсырмалар жүйесі силлабусқа сәйкес орындалуы және келесі құрылымдық элементтерден тұруы тиіс:

- тақырып атауы;
- тапсырмалар;
- орындалатын әдістемелік ұсынымдар (қажет болған жағдайда);
- қажетті әдебиеттер тізімі.

7.3.7 Курстық жобаларға (жұмыстарға) әдістемелік нұсқауларды ресімдеу жетекші пәндер кафедралары әзірлеген «Курстық жобалауды (жұмысты) ұйымдастыру және өткізу жолдары» Әдістемелік нұсқаулығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7.3.8 Ағымдағы және қорытынды бақылау материалдары баяндалған оқу материалдарына сәйкес болуы тиіс.

Бақылау-өлшем құралдары ПЭОӘК -ің ең маңызды бөлігі болып табылады, оларға мыналар жатады:

- бақылау сұрақтарының тізбесі;

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті І нұсқа		

- білімді ағымдағы және қорытынды бақылау бойынша бақылау сұрақтарының тізбесі;

- мемлекеттік емтиханға («Қазақстан тарихы» пәні бойынша), кешенді емтиханға арналған сұрақтар.

7.3.9 Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы соңғы он жыл ішіндегі баспа және электрондық басылым форматында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімін, университеттің білім алушысы қол жеткізе алатын электрондық кітапханалардың көздеріне сілтемелерді қамтиды. Пән бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасының формасы В Қосымшасында көрсетілген.

7.4 Қосымша материалдарға желіні пайдаланбай және нәтижелерді сақтамай тестілеуден өту үшін автономды орындалатын файлдар түрінде тесттерді енгізуге болады. Бұл режим, ең алдымен, **өзін-өзі тексеруге** арналған сынақтарға бағытталған. Білім алушы алынған дайын файлды кез-келген Windows компьютеріне бірден іске қосуына болады, ол үшін әлде бір бағдарламаны орнату қажет емес.

7.5 Пәннің ЭОӘК-ің жекелеген компоненттерін ресімдеу (әдістемелік нұсқаулар/ұсынымдар, хрестоматия, тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, картографиялық атлас, практикумдар және т.б.) «Басылымға оқу-әдістемелік әдебиетті ресімдеу тәртібі» әдістемелік нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады, СМЖ ҰС 02.2003 -2021.

## **8 ПЭОӘК әзірлеу, бақылау және бекіту тәртібі**

8.1 ПЭОӘК әр семестрдің оқу процесі басталғанға дейін бір ай бұрын оқытудың барлық формалары үшін ББ жұмыс жоспарларына сәйкес дәріс курсы оқытын және осы пән бойынша практикалық сабақтар жүргізетін оқытушылармен әзірленеді.

ПЭОӘК әзірлеуші – факультет ПЭОӘК-і сапалы даярлауға, оның кадрлар бағыты бойынша сәйкестігіне, тиісті пәнді оқу-әдістемелік және материалдық қамтамасыз етуге, оның ішінде оқу процесін оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етуге жауапты.

8.2 Дәріс курсының, практикалық сабақтардың, семинарлардың, зертханалық жұмыстардың, курстық жобаларды/жұмыстарды орындау бойынша, дипломдық жұмыстарды/жобаларды, диссертациялық жұмыстарды/жобаларды дайындау бойынша электрондық нұсқадағы оқу және (немесе) оқу-әдістемелік материалдар бекітілген пәннің жұмыс бағдарламасына және оқу жоспарына сәйкес әзірленеді.

8.3 ПЭОӘК әзірлеу, бақылау және бекіту келесі кезеңдерді қамтиды:

8.3.1 Кафедра меңгерушісі бекітілген оқу жоспары мен ББ негізінде пәндердің атауларын, ПЭОӘК әзірлеуге жауапты ББ топтарының кадрларын

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті І нұсқа		

даярлау бағыттарын және тапсыру мерзімдерін көрсете отырып, келесі оқу жылына ПЭОӘК дайындау Жоспарын жасайды.

8.3.2 ПЭОӘК әзірлеу факультеттің, кафедраның жұмыс жоспарына және оқытушының жеке жоспарына енгізіледі. ПЭОӘК тиісті пән оқытылатын тілде жасалады.

8.3.3 Бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының (Силлабус) электрондық нұсқасын дайындау ББ дайындау бағытының жұмыс оқу жоспарына кіреді. Пәннің жұмыс бағдарламасының (Силлабус) формасы Б Қосымшасында берілген.

8.4 ПЭОӘК осы пән оқытылатын кафедра отырысында талқыланады және факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесіне тексеруге жіберіледі.

8.4.1 ПЭОӘК-ті "Платонус" ААЖ-ға жүктеуді осы пән бойынша жауапты оқытушы әр семестрдің оқу процесі басталғанға дейін **бір апта бұрын** жүзеге асырады.

8.5 Жалпы ПЭОӘК -ті немесе оның құрамдас бөліктерін жаңартуды кафедра ПЭОӘК әзірлеу үшін белгіленген тәртіпке сәйкес оқу пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) өзгерістер енгізе отырып, бір мезгілде жүзеге асыруы тиіс.

8.6 ПЭОӘК құрамына кіретін оқу әдістемелік материалдар оқыту сапасын жақсарту мақсатында өзекті болуы мүмкін және білім алушылардың үлгерімін талдау нәтижелерін, ғылым мен техниканың жетістіктерін, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын қолдануды ескере отырып, жыл сайын түзетілуі мүмкін.

8.7 Пәннің (модульдің) электрондық оқу-әдістемелік кешені қажеттілігіне қарай жылына бір рет өзектендіру рәсімінен өтеді.

ПЭОӘК компонентіндегі барлық өзгерістер мен жаңартулар өзгерістерді тіркеу парағына енгізіледі және кафедра отырысында бекітіледі. ПЭОӘК-гі өзгерістерді тіркеу парағы Г Қосымшасында ұсынылған форма бойынша толтырылады.

8.8 ПЭОӘК тексеруден кейін факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесіне ұсынылады, факультет деканы бекітеді және университеттің «Платонус» ААЖ орналастырылады.

8.9 ПЭОӘК әзірлеуде (интернет желісінен иллюстрацияларды, видео, аудио, электрондық ресурстарды және т.б. пайдалану) авторлық құқық саласындағы заңнама талаптарын сақтау қажет.

## 9 Құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

### 9.1 Факультет деканы:

- факультет кафедралары жүзеге асыратын барлық пәндер бойынша ЭОӘК уақтылы әзірленуіне жалпы бақылауды жүзеге асырады;
- ПЭОӘК, жұмыс бағдарламасын (силлабус) бекітеді;

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАК
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа		

## 9.2 Академиялық сапа жөніндегі факультет кеңесінің төрағасы:

- факультет кафедралары әзірлеген ПЭОӘК-ің осы Стандарттың талаптарына сәйкестігін тексеруді ұйымдастырады;
- ПЭОӘК-ті АСФК -ің қарауына дайындайды және факультет деканына бекітуге береді.

## 9.3 Кафедра меңгерушісі:

- бекітілген оқу жоспары мен ББ негізінде келесі оқу жылына ПЭОӘК дайындау жоспарын дайындайды;
- кафедраға бекітілген пәндер бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу бойынша кафедраның қызметін ұйымдастырады;
- кафедраның ПОҚ арасында оқытушылардың тиісті кезеңге арналған оқу жоспарына және жеке жоспарларына сәйкес ПЭОӘК әзірлеу және жаңарту бойынша міндеттерді бөледі;
- кафедраның ПОҚ-ың ПЭОӘК әзірлеу, оларды жаңарту және "Платонус" ААЖ-да орналастыру жөніндегі міндеттерді уақтылы орындауын қамтамасыз етеді;
- кафедрада ПЭОӘК жағдайын тексеру, талдау және сапасын бағалау бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- кафедра отырысында оқытушылардың ПЭОӘК әзірлемелерін қарастырады.

## 9.4 Оқытушы (оқытушылар ұжымы) жауап береді:

- осы Стандарттың талаптарына сәйкес ПЭОӘК-ті сапалы әзірлеуге;
- ПЭОӘК-і дайындауға және факультет комиссиясының тексеруіне тапсыруға;
- ПЭОӘК-і «Платонус» ААЖ-ға белгіленген мерзімде уақтылы орналастыру;
- оқу процесінде ПЭОӘК қолдану.

## 10 Өзгерістер енгізу тәртібі

10.1 ҰС-ға өзгерістер енгізу тек СБӨ рұқсаты бойынша жүргізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолы қойылып, құжатпен ресімделеді. Құжаттың өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

10.2 СҚ сақтауға тапсырылған ережеге өзгерістер енгізу СМЖ ҚР 01.1007 – 2020 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

13.3 Ережеге өзгерістерді «Өзгерістерді тіркеу парағында» (Ж Қосымшасы) міндетті түрде белгі соға отырып, АМД СҚ менеджерлері енгізеді.

## 11 Сақтау және тарату

11.1 Түпнұсқаны сақтау, ҰС-ың есепке алынған даналарын абоненттерге тарату жауапкершілігі АМД-ға жүктеледі.

11.2 Осы ҰС-ын бөлімше қызметкерлерінің назарына жеткізу үшін бөлімше басшысы жауапты болады.

13.3 ҰС электронды құжат айналымы жүйесінде электронды форматта тіркеледі және барлық бөлімшелерге жіберіледі.

<p>Сапа менеджменті жүйесі          Ұйым стандарты          Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің          құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі</p>	 <p><b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ          АГРОТЕХНИКАЛЫҚ          УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа</p>		

## А Қосымшасы

### ПЭОӘК титул парағының формасы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
 «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

\_\_\_\_\_ (кафедра атауы)

БЕКІТЕМІН

\_\_\_\_\_ факультетінің деканы

\_\_\_\_\_ (деканның Т.А.Ә)

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ (Автордың Т.А.Ә)

\_\_\_\_\_ (ПЭОӘК атауы, қандай білім беру бағдарламасы үшін)

Нұр-Сұлтан \_\_\_\_\_

**А Қосымшасы**  
**(жалғасы)**

Электрондық оқу-әдістемелік кешенді \_\_\_\_\_  
(Құрастырушының Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі және атағы))  
\_\_\_\_\_ құрастырды

\_\_\_\_\_ (кафедра атауы)  
\_\_\_\_\_ кафедра отырысында қаралды және мақұлданды  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ Хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_  
(кафедра меңгерушісінің Т.А.Ә., қолы)

\_\_\_\_\_ факультеті бойынша  
(факультет атауы)  
академиялық сапа Кеңесі отырысында қаралды және ұсынылды  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ Хаттама

АС бойынша факультет Кеңесінің төрағасы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә, қолы)

## Б Қосымшасы

### Пәннің жұмыс бағдарламасының формасы (Силлабус)

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ «С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

Бекітемін

\_\_\_\_\_ факультетінің деканы

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә)

\_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

### Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)

*(жаңа жіктеуіш бойынша)*

пән \_\_\_\_\_

білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_

білім беру бағдарламаларының тобы \_\_\_\_\_

даярлау бағыты \_\_\_\_\_

білім беру саласы \_\_\_\_\_

Курс \_\_\_\_\_ Семестр \_\_\_\_\_ Кредиттер саны \_\_\_\_\_

Сағат  
саны

Дәрістер

Зертханалық сабақтар

Практикалық / семинарлық сабақтар

Өзіндік жұмыс (БӨЖ)

Өзіндік жұмыс (БӨӨЖ)

БАРЛЫҒЫ

Пәндер циклі (ЖБП, БП, БП, ЖК/ЖК)

Бақылау формасы

**Нұр-Сұлтан 202\_\_**



**Б Қосымшасының жалғасы**  
**Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)**

(пәннің үлгілік бағдарламасының атауы (бакалавриаттағы ЖББП циклі үшін) / ЖООЖЭПК (егер пән жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті болса), кім және қашан бекіткен)

негізінде және \_\_\_\_\_ бекітілген білім беру

(күні, айы, жылы)

бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

Кафедра отырысында қаралды және мақұлданды \_\_\_\_\_

(кафедра атауы)

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ Хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

(Кафедра меңгерушісінің Т.А.Ә., қолы)

\_\_\_\_\_ факультетінің академиялық сапа жөніндегі

(факультет атауы)

Кеңесінің отырысында қаралды және ұсынылды

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. № \_\_\_\_\_ Хаттама

Академиялық сапа жөніндегі факультет Кеңесінің төрағасы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., қолы)

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа		

**Б Қосымшасының жалғасы**  
**Пәннің жұмыс бағдарламасының құрылымы (Силлабус)**

**1. Оқытушы туралы мәліметтер.**

ПОҚ-ға арналған бөлімге түсініктеме: (10 сөзден артық емес) Т.А.Ә., ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, кафедра, факультет, кабинет нөмірі, кафедра телефоны, кафедрада кеңес беруді өткізу уақыты.

**2. Курстың қысқаша сипаттамасы.**

Пәнді оқыту мақсаты (ББ оқыту нәтижелерімен келісілуі тиіс, 10-15 сөзден артық емес)

Пәнді оқыту нәтижелері:

ПОҚ-ға арналған бөлімге түсініктеме: Оқыту нәтижелері дескрипторлар негізінде және игерілген құзыреттерді көрсететін білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес жазылуға тиіс. Пән бойынша оқыту нәтижелері ББ-да көрсетілген немесе өз пәнін көрсете отырып, жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі сайтынан алуға болады, қысқаша ЖБББЖ (сілтеме [http://esuvo.platonus.kz/#/register/education\\_program](http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program)).

Оқыту нәтижесін оның кодын көрсете отырып, кестені толтыру қажет және әр нәтижеге Блум Таксономиясының принциптерін есепке алып тұжырымдалған дескрипторларын және білім алушылардың кәсіби қызмет пен жеке даму аясында кәсіби функцияларды құзыреттіліктерді қолдану арқылы алған білімі мен дағдыларын қолдана отырып, не істейтінін білдіру үшін белсенді етістіктің 3 жағы жекеше түрінде басталып жазылады. (Етістіктер тізімі төменде Б қосымшасының жалғасында берілген).

Пәнді оқыту нәтижелері

Код	ББ бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)	Пәнді оқыту нәтижелері

Пәннің пререквизиттері:

Бұл бөлімде ұсынылған курсты оқып шыққанға дейін игерілуі керек пәндер тізімі бар.

Пәннің постреквизиттері:

Бұл бөлімде ұсынылған курсты сәтті игергеннен кейін оқылатын пәндер тізімі бар.

**3. Курстың мазмұны**

**3.1 Дәріс сабақтарының тізімі**

Модуль атауы	Тақырып атауы	Көлемі, сағаты	Апта
Барлығы:		__ с.	

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN UNIVERSITY</b>	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа		

### 3.2 Зертханалық-практикалық сабақтар тізімі

Модуль атауы	Тақырып атауы	ЗПС тапсырмасы	Көлемі, сағаты	Апта
Барлығы:			___ с.	

### 3.3 Пән бойынша БӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру кестесі

№	Модуль атауы	Сабақтың тақырыбы	БӨЖ тапсырмалары	Тапсырманы бақылау формасы	Тапсырманы тапсыру мерзімі
1	2	3	4	6	7

## 4. Оқытудың негізгі формалары мен әдістері

*ПОҚ-қа арналған бөлімге түсініктеме: осы пәнді және жеке тақырыптарды зерделеуде оқытудың негізгі әдістері мен технологиялары сипатталады (25-50 сөзден артық емес).*

## 5 Әдебиеттер тізімі

*ПОҚ-қа арналған бөлімге түсініктеме: соңғы он жыл ішіндегі, электрондық кітапхана көздеріне сілтемелерімен негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі болуы керек.*

*Негізгі әдебиет: - негізгі әдебиет көздерінің оңтайлы саны - 3-5 базалық оқулықтар мен нормативтік актілерден аспауы тиіс. Қосымша әдебиеттер: - қосымша әдебиеттер тізіміне 10-15-тен аспайтын дереккөздер, сондай-ақ интернет дереккөздері кіруі мүмкін.*

## 6. Курс саясаты

*ПОҚ-қа арналған бөлімге түсініктеме: Силлабустың осы бөлімінде білім алушыларға академиялық саясат, академиялық адалдық ережелері туралы ресми ақпарат (университет сайтын көрсете отырып) жіберуі тиіс.*

*1) Оқытушы өз қалауы бойынша білім беру саласындағы жалпы заңнамаға және атап айтқанда, университет Жарғысына қайшы келмейтін курсты игеруге қойылатын ерекше талаптарды көрсете алады.*

*2) Оқытушы силлабуста қолдана алатын мәтін төменде берілген.*

*Мысал (мәтіннің):*

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа		

1) Аталған оқу курсы «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ Академиялық саясатының талаптарына (сайтқа сілтеме: <https://kazatu.edu.kz/ru/pages/obucenie/akademiceskaa-politika>) сәйкес ұйымдастырылған. Академиялық талаптарды орындамаған және сабаққа қатысуы төмен болған жағдайда ықтимал салдарларға назар аудару ұсынылады. Осы пәнді зерделеу барысында оқытушы мен білім алушылар университетте қабылданған білім беру процесіне қатысушылардың Академиялық адалдық кодексін <https://kazatu.edu.kz/ru/pages/obucenie/akademiceskaa-politika> (7 тармақ) ұстануы тиіс. Университеттің Академиялық саясаты және білім беру процесіне қатысушылардың Академиялық адалдық кодексі университет сайтында еркін қолжетімді.

Силлабуста көрсетілген оқу тақырыптары бойынша барлық білім алушылар сұрақтар қоюға және жауаптар алуға құқылы. Оқытушының тапсырмаларын орындау кезінде ойлау ерекшелігі, оқушылардың шығармашылық көзқарасы құпталады. Барлық білім алушылардан мінез-құлықтың академиялық мәдениетін сақтау, бір-біріне өзара құрмет көрсету талап етіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар оқытуда жеке көзқарас құқығын пайдалана алады.

## **7. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты**

ПОҚ-ға арналған түсініктеме: бұл бөлім қорытынды бақылау қалай жүргізілетіні, білім алушы қандай жағдайларда емтиханға баға алатыны (оларды дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыра отырып) және нақты жазылған бағалау критерийлері бойынша ақпарат беруді талап етеді. Төменде оқытушының силлабусқа қосатын мысалы келтірілген.

*Мысал:*

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар, кему шамасына қарай, «А»-дан «D» - га дейін және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»,) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалаулар.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты университет сайтында ұсынылған Академиялық саясаттың 9-тармағындағы талаптарға сәйкес келеді. (сайтқа сілтеме: <https://kazatu.edu.kz/ru/pages/obucenie/akademiceskaa-politika>).

Барлық білім алушылар тәртіп талаптарын сақтауы қажет: аудиториялық сабақтарға қатысу, мәселелерді талқылауға белсенді қатысу, оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) және негізгі әдебиет бойынша дәрістер мен семинарларға алдын ала дайындық, тапсырмаларды сапалы және уақтылы орындау, бақылаудың

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті І нұсқа		

барлық түрлеріне қатысу, сондай-ақ университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтау (СМЖ ІТЕ 11010.52-2018).

7.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері.

*ПОҚ-ға арналған түсініктеме:*

1) Осы бөлім ұсынылған пән контекстінде білім алушылардың бағалау критерийлерін қамтиды. Критерийлер жиынтық сипатта болады және ағымдағы бақылау бойынша және курс аяқталғаннан кейін оқыту нәтижелерін бағалау үшін қолданылады.

2) Бұл ақпарат білім алушыны оның қорытынды нәтижелерін бағалау логикасына бағыттауы, өзін-өзі бағалауды жүргізуге көмектесуі тиіс. Критерийлер оқытудың мәлімделген нәтижелерімен сәйкес келуі, ағымдағы және қорытынды бақылау бойынша білім алушының дайындық деңгейінің бағалау сипаттамаларын қамтуы тиіс.

3) Төменде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері бойынша форма берілген. Оқытушы оқыту нәтижесі мен оқытылатын пәннің ерекшелігіне сәйкес критерийлерді "Баға қою критерийлері" бағанына дайын формада силлабусқа енгізе алады немесе пәннің ерекшелігін ескере отырып оқу жетістіктерін бағалау критерийі бойынша өз формасын енгізе алады.

**Білім алушының оқу жетістіктерін бағалау критерийлері**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	% -дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	<i>Баға қою критерийлері</i>
<b>A</b>	4,0	95-100	Өте жақсы	<b>A</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>A-</b>	3,67	90-94		<b>A-</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>B+</b>	3,33	85-89	Жақсы	<b>B+</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>B</b>	3,0	80-84		<b>B</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>B-</b>	2,67	75-79		<b>B-</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>C+</b>	2,33	70-74		<b>C+</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>C</b>	2,0	65-69	Қанағат танарлық	<b>C</b> бағасы ..... жағдайларда қойылады.
<b>C-</b>	1,67	60-64		<b>C-</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>D+</b>	1,33	55-59		<b>D+</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>D</b>	1,0	50-54		<b>D</b> бағасы ..... жағдайда қойылады.
<b>FX</b>	0,5	25-49	Қанағат танарлықсыз	«Қанағаттанарлықсыз» деген бағаға 0 сандық баламасы және 0-49 пайыздық мазмұны бар <b>FX</b> , <b>F</b> әрпі сәйкес келеді. Бұл баға, егер ..... жағдайда қойылады.
<b>F</b>	0	0-24		

## Б Қосымшасы (толықтыру)

### Оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің үлгі тізімі

#### **Білімді ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Анықтау, сипаттау, тізбелеу, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарау, шығару, табу, көрсету, атау.

#### **Түсінуді ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Жалпылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, қарсы қою, түрлендіру, талқылау, ажырату, сәйкестендіру, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, интерпретациялау, аудару, білдіру, көркемдеу, талқылау, болжау, ұсыну, таңдау.

#### **Пайдалану қабілетін ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, жырту, есепке алу, түсіндіру, бейнелеу, болжау, дайындау, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, эксперимент жүргізу, шешім қабылдау.

#### **Талдау қабілетін ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Талдау, бөлу, жіктеу, реттеу, салыстыру, қорытындылау, қарсы қою, сынау, диагностикалау, түсіндіру, біріктіру, саралау, ажырату, зерттеу, ақтау, қорытынды жасау.

#### **Синтездеу қабілетін ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Санау, бекіту, біріктіру, ойлап шығару, қорытындылау, құру, алу, әзірлеу, тұжырымдау, жалпылау, орнату, түрлендіру, кіріктіру, өзгерту, ұйымдастыру, жоспарлау, ұсыну, ойлап табу, қайта тұжырымдау, хабарлау, қайта қарау, таңдау, синтездеу, оқыту, айту.

#### **Бағалау дағдыларын ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Бағалау, құнын анықтау, шешу, анықтау, саралау, ұсыну, сайлау, ажырату, таңдау, салыстыру, қорытындылау, сынау, қорғау, талқылау, растау, рейтинг жасау, жалпылау.

#### **Мәселелерді шешу дағдыларын ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Шешу, таңдау, анықтау, ұсыну, жоспарлау, растау, бағалау, тұжырымдау, әрекет тәртібін сипаттау, әзірлеу, нұсқаларды ұсыну.

#### **Қарым-қатынас дағдыларын ашу үшін қолдануға болатын етістіктер:**

Қарым-қатынас жасау, білдіру, түсіндіру, жауап беру, пікірталас, қорғау, шолу жасау, тексеру, айту, үйрету, ұсыну, қорытынды жасау.

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа		

## В Қосымшасы

### Пән бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасының формасы

Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы \_\_\_\_\_

№	Оқу әдебиеті (атауы, баспасы, шыққан жылы, авторы (лары))	Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиет (атауы, баспасы, шыққан жылы, авторы (лары))	Ғылыми әдебиет (атауы, құрылған жылы, авторы(лары))	Дана саны		
				кітапханада	кафедрада	электрондық тасығыштарда (сілтемені көрсете отырып)
	Негізгі әдебиеттер					
	Қосымша әдебиеттер					
	Интернет көздері					

Оқытушы \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Сапа менеджменті жүйесі Ұйым стандарты Пәннің электронды оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, әзірлеу және бекіту тәртібі	 <b>SEIFULLIN</b> UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН ат. ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ ҰС 02.2074– 2022 27-дің 2 беті Інұсқа		

## Г Қосымшасы

### ПЭОӘК-гі өзгерістерді тіркеу парағының формасы

№	ПЭОӘК компоненті	Өзгерістер енгізу үшін негіздеме	Енгізілген өзгерістер	Ескертпе

Кафедра отырысында электронды оқу-әдістемелік кешен қайта қаралды

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. № \_\_\_\_ Хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_  
(кафедра атауы) (ТАӘ, қолы)





**Д Қосымшасы**

**Ф.1.01-01**

**Келісу парағы**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
СБӨ			
АМД директоры			
ҚҚЕД директоры			



### Е Қосымшасы

Ф.1.01-02

### Танысу парағы

Лауазымы	АӘТ	Күні	Қолы

**Ж Қосымшасы**

Ф.1.01-03

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

Парақ нөмірлері				Негіздемеге сәйкес өзгеріс енгізілген хабарлама №	Өзгерістер енгізген жауапты тұлғаның АӨТ	Өзгерістер енгізген тұлғаның қолы	Өзгерістер енгізілген күн
өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				
1	2	3	4	5	6	7	8